

"Сырдария аудандық мәслихатының Регламентін" бекіту туралы" аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 21 ақпандағы кезектен тыс XXVI сессиясының №201 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2015 жылғы 18 мамырдағы № 311 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 мамырда № 4998 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 шілдедегі № 38 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 29.07.2016 № 38 шешімімен (қолданысқа қол қойылған күнінен бастап енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңына сәйкес Сырдария аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

"Сырдария аудандық мәслихатының Регламентін" бекіту туралы" аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 21 ақпандағы кезектен тыс XXVI сессиясының № 201 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік Тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 20 наурызда № 4622 болып тіркелді, "Тіршілік тынысы" газетінің 2014 жылғы 27 наурызда № 23 жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Регламенттің 7- тармағы мынадай жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын:

"7. Мәслихаттың кезекті сессиясы кемінде жылына төрт рет шақырылады және оны мәслихат сессиясының төрағасы жүргізеді."

Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың кезектен
тыс XXXXII сессиясының
төрағасы
И. Абдукаликов _____

Аудандық мәслихаттың
хатшысы

Б. Маншарипов _____